

**Шынарай Дүбірқызы Бүркітбаева¹, Бекжан Көмекбайұлы Копбосынов^{2*},
Нарбибиш Шамурадовна Шаммаева³**

¹философия докторы (PhD), доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8235-4213 E-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ., ORCID: 0009-0001-0158-2968 E-mail: bekaspan@mail.ru

³филология ғылымдарының докторы, профессор, Сейитназар Сейди атындағы Түркімен мемлекеттік педагогикалық институты, Түркіменстан, Түркіменабад қ., E-mail: narbibish06@mail.ru

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада көне ұйғыр және қазақ тілдерінің лексикалық парадигматикасы қарастырылады. Біреуі көне біреуі жаңа екі туысқан тілдегі омоним, синоним және антоним сөздер өзара салыстырылып, ұқсас жақтары мен айырмашылықтары талданады. Мақаланың мақсаты – көне ұйғыр тілінде пайданылған омоним, синоним және антоним сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданысын анықтау, екі тілдің лексикалық парадигматикаларын салыстыру арқылы бүгінге дейін қолданылып келе жатқан тарихи сөздерді айқындау. Мақаланың өзектілігі қазақ және көне ұйғыр тілдерінде қазақ тілінде омоним, синоним және антоним парадигмалары бойынша жүйелі ғылыми шолу жүргізілмегендігімен анықталады. Ғ.Айдаровтың 1991 жылы жарық көрген, қазақ тілінде жазылған бірегей грамматикалық еңбек – «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» атты кітабында да омоним~синоним~антоним мәселелері жалпылама қарастырылған. Жұмысты жазу барысында мысал ретінде көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің бірі – «Секиз йүкмек йарук» (Säkiz Yükmäk Yaruq) сутрасынан алынған сөйлемдер пайдаланылды. Мақалада салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, топтау, талдау, аудару әдістері қолданылды. Мақаланың мақсатына жету үшін қойылған міндеттер орындалып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді: 1. Туысқан екі тілдегі ұқсас лексикалық парадигматикалар табылып, топталды; 2. Екі тілде қолданылатын тарихи сөздердің ұқсастықтары талданды; 3. Тұлғалық және мағыналық тұрғыдан айтарлықтай өзгеріске ұшыраған сөздердің өзгеру себептері анықталды. Көне ұйғыр тілі – түркі жазба дәстүрінің маңызды тармағы, оның деректері қазақ тілінің тарихын салыстырмалы тұрғыдан түсіндіру үшін аса құнды. Сондықтан бұл мақаланың практикалық және теориялық мәні ерекше. Оны қазақ тілі тарихы және көне түркі тілдері пәндерінде көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: түркі тілдері; лексикалық парадигматика; көне ұйғыр тілі; көне түркі тілі; қазақ тілі

Сілтеме жасау үшін: Бүркітбаева Ш.Д., Копбосынов Б.К., Шаммаева Н.Ш. Көне ұйғыр және қазақ тілдерінің лексикалық парадигматикасы. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). 24-34-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-24-34>

**Шынарай Дубировна Бүркітбаева¹, Бекжан Көмекбаевич Копбосынов^{2*},
Нарбибиш Шамурадовна Шаммаева³**

¹доктор философии (PhD), и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0001-8235-4213 E-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, докторант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент, ORCID: 0009-0001-0158-2968 E-mail: bekaspan@mail.ru

³доктор филологических наук, профессор, Туркменский государственный педагогический институт имени Сейитназара Сейди, Туркменистан, г. Туркменабад, E-mail: narbibish06@mail.ru

ЛЕКСИЧЕСКАЯ ПАРАДИГМАТИКА ДРЕВНЕУЙГУРСКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ

Аннотация. В статье рассматривается лексическая парадигматика древнеуйгурского и казахского языков. Сравниваются омонимы, синонимы и антонимы двух родственных языков – древнего и современного, анализируются их сходства и различия. Цель статьи – определить использование омонимов, синонимов и антонимов, применявшихся в древнеуйгурском языке, в современном казахском языке, а также выявить исторические слова, дошедшие до наших дней, через сравнение лексических парадигматик двух языков. Актуальность статьи заключается в том, что систематического обзора казахского и древнеуйгурского языков, посвященного парадигмам омоним~синоним~антоним, в казахском языке до сих пор не проводилось. Например, в книге Г.Айдарова «Язык древнеуйгурских письменных памятников», изданной в 1991 году и написанной на казахском языке, вопросы

омонимов, синонимов и антонимов рассматривались лишь в общих чертах. Для написания работы в качестве примера были использованы предложения из одного из письменных памятников древнеуйгурского языка – сутры «Сәкиз йүкмәк йаруқ» (Säkiz Yükmäk Yaruq). В статье применялись сравнительный, сравнительно-исторический, аналитический, переводческий методы, а также метод группировок. Для достижения цели статьи были выполнены поставленные задачи и получены следующие результаты: 1. Выявлены и сгруппированы сходные лексические парадигмы в родственных языках; 2. Проанализированы сходства исторических слов, используемых в обоих языках; 3. Определены причины значительных изменений слов в личностном и семантическом плане. Древнеуйгурский язык является важным направлением тюркской письменной традиции, его данные особенно ценны для сравнительного понимания истории казахского языка. Поэтому данная статья имеет большое практическое и теоретическое значение. Её можно использовать в качестве вспомогательного учебного пособия по истории казахского языка и по древнетюркским языкам.

Ключевые слова: тюркские языки; лексическая парадигма; древнеуйгурский язык; древнетюркский язык; казахский язык

Для цитирования: Буркитбаева Ш.Д., Копбосынов Б.К., Шаммаева Н.Ш. Лексическая парадигматика древнеуйгурского и казахского языков. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 24-34. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-24-34>

Shynarai Burkitbayeva¹, Bekzhan Kopbosynov^{2*}, Narbibish Shammayeva³

¹Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor,

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0001-8235-4213 E-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

^{2*}Corresponding author, Doctoral student, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent, ORCID: 0009-0001-0158-2968 E-mail: bekaspan@mail.ru

³Doctor of Philology, Professor, Seyitnazar Seydi Turkmen State Pedagogical Institute, Turkmenistan, Turkmenabad, E-mail: narbibish06@mail.ru

LEXICAL PARADIGMATICS OF OLD UYGHUR AND KAZAKH LANGUAGES

Abstract. This article examines the lexical paradigms of the Old Uyghur and Kazakh languages. Homonyms, synonyms, and antonyms of the two related languages – ancient and modern – are compared, and their similarities and differences are analyzed. The article aims to determine the use of homonyms, synonyms, and antonyms used in the Old Uyghur language in modern Kazakh, as well as to identify historical words that have survived to the present day through a comparison of the lexical paradigms of the two languages. The relevance of this article lies in the fact that a systematic review of the Kazakh and Old Uyghur languages, devoted to the homonym-synonym-antonym paradigms, has not yet been conducted in the Kazakh language. For example, in G. Aidarov's book “The Language of Ancient Uyghur Written Monuments,” published in 1991 and written in Kazakh, the issues of homonyms, synonyms, and antonyms were considered only in general terms. The article uses sentences from one of the written monuments of the Old Uyghur language, the sutra “Säkiz Yükmäk Yaruq”, as an example. The article uses comparative, comparative-historical, analytical, translation, and grouping methods. To achieve the goal of the article, the set tasks were accomplished and the following results were obtained: 1. Similar lexical paradigms in related languages were identified and grouped; 2. Similarities in historical words used in both languages were analyzed; 3. The reasons for significant changes in words in personal and semantic terms were determined. The Old Uyghur language is an important direction of the Turkic written tradition, and its data are especially valuable for a comparative understanding of the history of the Kazakh language. Therefore, this article has great practical and theoretical significance. It can be used as an auxiliary teaching aid on the history of the Kazakh language and the Old Turkic languages.

Keywords: Turkic languages; lexical paradigms; ancient Uyghur language; ancient Turkic language; Kazakh language

For citation: Burkitbayeva, Sh., Kopbosynov, B., Shammayeva, N. Lexical Paradigmatics of Old Uyghur and Kazakh Languages. *Tiltanyim*, 2025. No.3 (99). P. 24-34. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-24-34>

Кіріспе

Көне ұйғыр тілінің сөздік қоры өте бай. Кез келген халық басынан кешкен оқиғаларына сөздермен атау береді. Сондықтан да, тілдегі әртүрлі сөздер сол халықтың өткен өмірінің, тарихының дәлелі. Көне ұйғыр тілі басқа тілдерде жазылған еңбектерге аударма жасалатындай сөздік қоры мол тілдердің қатарында болған. Барлық тілдерде сөздер омоним (дыбысталуы бірдей), синоним (мағыналас), антоним (қарсы мағынада) болып үшке бөлініп, сол тілдің сөздік қорының молаюына үлес қосады. Көне ұйғыр тілінде де омоним, синоним және антоним сөздер кең қолданылған. Мақаланы жазудағы мақсат көне ұйғыр тіліндегі омоним, синоним және антоним сөздердің қазақ тіліндегі қолданысын айқындап аталмыш сөздердің екі тілдегі ұқсас

тұстары мен өзгешеліктеріне тоқталу. Өзгеріске ұшыраған тарихи сөздердің өзгеріске түсу жолдарын ашып түсіндіру, дыбыстық және мағыналық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған сөздердің өзгеру үрдісін анықтап көрсету.

Зерттеу жұмыста осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер алға қойылады:

1. Туысқан екі тілдегі ұқсас лексикалық парадигматикаларды табу, топтау;
2. Екі тілде қолданылатын тарихи сөздердің ұқсастықтарын талдап түсіндіру;
3. Тұлғалық және мағыналық жағынан айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған сөздерге

тоқталып, себептерін анықтау.

Материал және әдістер

Мақаланы жазу барысында Ғ. Айдаровтың «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (Айдаров, 1991), Анна вон Гавеннің «Eski Türkçenin Grammeri» (Көне түрік тілінің грамматикасы) (Gabain, 1988), Марсель Эрдалдың «A Grammar of Old Turkic» (Көне түркі тілінің грамматикасы) (Erdal, 2004), С. Клоусонның «An Etimological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish» (Түркілердің 13 ғасырға дейінгі этимологиялық сөздігі) (Clauson, 1972), Эмин Обаның «Kazakçanın Tarihi Türk Lehçelerine Göre Söz Varlığı» (Қазақ тілінің тарихи түркі диалектілеріндегі сөздік қоры) (Oba, 2020), Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» (Қалиев, Болғанбаев, 2006) және Э. Тенишевтің «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» (Тенишев, 1997) еңбектері пайдаланылды. Аталған еңбектерге сүйене отырып, түркі тілдерінің грамматикалық заңдылықтары негізінде зерттеу нысанымыздағы екі тілдегі лексикалық парадигматикалар салыстыра талданды. Мақалада салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, топтау, талдау және аудару әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Көне ұйғыр тілі грамматикалық тұрғыдан қазақ ғылымында қазақ тілінде аз зерттелгендіктен қазақ тілінде Ғ. Айдаровтың «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (Айдаров, 1991) атты еңбегінен басқа толыққанды әдебиет кездестірмедік. Әрине, көне ұйғыр тілі, көне ұйғыр жазуы төңірегінде жазылған бірді-екілі ғылыми мақалар бар. Солардың бірі ретінде Т. Молдабайдың мақаласын атап өтуге болады («Көне ұйғыр әліпбиінің жазба ескерткіштерде қолданылу ерекшеліктері», 2021 ж.). Көрші Қырғызстан ғалымдарының көне ұйғыр тілінің грамматикасына қызығушылық танытқаны байқалады. Оны жас ғалымдар Зарина Жалбиева «Байыркы уйгур тилинин чак категориясы (салыштырма-тарыхый бағытта изилдөө)» (Көне ұйғыр тілінің шақ категориясы), «Eski Uygurca Metinlerindeki Bazı Deyimler Modern Kırgız Türkçesindeki Karşılıkları» (Көне ұйғыр мәтіндеріндегі кейбір мақал-мәтелдердің Қырғыз тіліндегі баламасы) мен Акжаркын Айытбекқызының «Eski Uygur Türkçesi: İyi ve Kötü Prens Öyküsündeki zıt anlamlı kelimeler» (Көне ұйғыр тілі: жақсы және жаман шахзада әңгімесіндегі онтоним сөздер), т.б. зерттеу жұмыстарынан көреміз. Көне ұйғыр тілінің грамматикасын негізінен шетелдік ғалымдар, әсіресе неміс және орыс ғалымдарының зерттегені белгілі. Бүгін көне ұйғыр тілін зерттеушілер Анна вон Гавеннің «Eski Türkçenin Grammeri» (Көне түрік тілінің грамматикасы) (Gabain, 1988), Эрдал Марсельдің «A Grammar of Old Turkic» (Көне түркі тілінің грамматикасы) (Erdal, 2004), Дж. Вилькенстің «Handwörterbuch des Altuigurischen» («Көне ұйғыр тілінің қысқаша сөздігі») (Wilkens, 2021) еңбектерін негізгі әдеби құрал ретінде пайдаланады.

Нәтижелер және талқылау

Омонимдер. Жалпы сөздер түбір күйінде де, туынды күйінде де омонимдер бола береді. Көне ұйғыр тіліндегі омонимдік сөздердің екі сыңары да негізінен түркі сөздері болып келеді. Көне ұйғыр және қазақ тіліндегі омонимдер тұлғалық және мағыналық жағынан бір-біріне өте жақын. Мысалы:

I. *yek içgek kılnıçı ol tēp birök antağ edgü öglisi bar erip (67 IIc) / şeytan ve vampirin davranışdır fakat onun gibi iyi düşünceli var ise / (шайтан мен қанішердің қылығы бірақ ол сияқты жақсы ойлы бар болса);*

II. *қодurlar ıraқ tezerler bodsuz köligesiz barırlar neñ ada tuda kılu (99 IIId) / bırakıp ayrılırlar, vücudsuz, gölgesiz giderler, asla zarar vermeyi / тасман кетеді, денесіз, көлеңкесіз барады, еш зиян келтіруді.*

I. bar: бар, бар болу, жоқ болмау, баршылық;

II. bar-: бару, жету, кету, көмекші етістік.

Көне ұйғыр тілінде жазылған Секиз йүкмек йарук (Säkiz Yükmäk Yaruq) мәтінінен алынған бірінші сөйлемдегі *бар* (*bar*) сөзі бір нәрсенің жоқ емес бар екенін білдіріп, үстеу тұлғасында тұрса, екінші сөйлемдегі *бар* (*barırlar*) етістік тұлғасында бір жерге жетуді білдіреді. *Бар* (*bar*) сөзі көне ұйғыр тіліндегі тарихи қызметін қазақ тілінде де еш өзгеріссіз атқарып келе жатқан сөздердің бірі.

I. taplasar anta êtzün *öñtün* kedin yirdin birdin yèrig (291 Ia) / beğenmiş yerde yapsınlar *doğudaki*, batıdaki, (güneydeki, kuzeydeki) yerin / *жерді ұнатса соны алсын, шығыстағы, батыстағы, (оңтүстіктегі, солтүстіктегі) жерді* (Oda, 2015: 188);

II. turkaru bilge biliglig közin adruk adruk alqınçsız körkle *öñ* körk körür ((150) 151 IIc) / daima akıl gözüyle çeşitli çeşitli geçici olmayan güzel *rengi* görür /*әрқашан ақыл көзімен түрлі-түрлі өткіңші емес реңді көреді*;

III. ol tınl(ı)ğ örtke kirser örtenmegey suvda ölmegey tağda *öñde* yèrde (115 IIc) / o canlı yangına girse yanmasın, suda ölmesin, dağda, *vahşi doğada*, yerde / *ол тіршілік иесі өртке кірсе өртенбесін, суда өлмесін, тауда, жапан түзде, жерде*.

I. *өң, өңдүн, өңтүн: шығыс, шығыстан, бұрын, бұрыннан*;

II. *өң: рең, өң, түс*;

III. *өң: ну орман, шөл, адам аяғы баспаған, жапан түз /дала*.

Бұл мысалдың бірінші сөйлеміндегі *өң* (*öñtün*) сөзі шығыс яғни бағыт-бағдар мағынасын берсе (Wilkens, 2021: 534), екінші сөйлемдегі *өң* (*öñ*) өңі, реңі, жүзі, түсі деген мағынада қолданылып тұр. Үшінші сөйлемдегі *өң* (*öñde*) сөзі адам аяғы баспаған ну орман, жапан дала, жапан түз ұғымдарында қолданылған. Ал қазақ тілінде *өң* сөзі бір мағынаны беретін өңі, реңі, жүзі, түсі ұғымдарында қолданылады. Көне ұйғыр тіліндегі *өң* – жеке-жеке үш сөз. *Өң* – рең, түсі; *өң* – шығыс; *өң* – жапан дала. Бұл сөздердің арасында өзара мағыналық ешбір байланыс жоқ, тек айтылулары ғана бірдей.

I. *biş azon tınl(ı)ğ tètir tınsız erser қатағ ı ıғаç yaş ot [tuğar b(e)lgürer]* (323 Ia) / beş alem (dünya) canlıdır cansız ise bütün ağaç, yeşil ot yetişir, ortaya çıkar / *бес әлем (дүния), жансыз болса барлық ағаш, жасыл шөп өсіп шығады* (Oda, 2015:198);

II. *tètir ot y(a)ruk tètir suv k(a)rariğ tètir er y(a)ruk tètir tişi* (320 Ia) / *ateş* aydınlıktır su karanlıktır erkek aydınlıktır kadın / *от жарық су қараңғы еркек жарық қатын*.

I. *от: от, түрлі заттардың жарық пен қызу шығарып жануы*;

II. *от: шөп, көгал, отты жер*.

Бірінші сөйлемдегі *от* (*ot*) сөзі шөп мағынасында қолданылса, екінші сөйлемде *от* жанып жатқан нәрсені білдіреді. Ал қазақ тілінде *от* сөзі негізінен түрлі заттардың жарық пен қызу шығарып жануына айтылғанымен, шөп мағынасында да қолданылады. Мысалы, шөбі шүйгін жерді «от жер екен» деп айтамыз.

I. *teñ teñ ig ağığ ada tuda kelürür emgedür yılın ayın turkaru* (62 IIc) / her türlü hastalık, felaket getirir, yıllarca, aylarca / *әр түрлі ауру, пәлекет әкеледі, жылдар, айлар бойы* (Oda, 2015: 130);

II. *tètir künlü ayly k(a)rığşu kavışu yoruyur ötrü yaylı kışlı [ulatlı]* (324 Ia) / güneş ve ay bir birini takip ediyor sonra yaz kış ve diğerleri / *күн мен ай бір-бірін айналады сосын жаз қыс және басқалары* (Oda, 2015: 198).

I. *ay: ай, мезгіл, маусым өлшемі*;

II. *ay: аспан денесінің аты*.

Сөйлемнің бірінші жолындағы *ай* (*ayın*) сөзі мезгілді білдірсе, екінші жолындағы *ай* (*ay*) сөзі аспан денелерінің бірінің атын білдіреді. Жалпы *ай* сөзі шығуы мен мағынасы жағынан басқа-басқа, айтылуы мен жазылуы ғана бірдей сөздер. Қазіргі қазақ тілінде де *ай* (*ay*) сөзі көне ұйғыр тіліндегі тарихи мағынасында қолданылады.

Синонимдер. Тілдердегі омонимдердің дыбыстауы, жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі болса, синонимдер оған қарама-қарсы дыбысталуы, жазылуы әр түрлі, мағыналары бір болып келеді. Синонимді лингвист ғалымдар мынадай топтарға бөліп қарастырады: 1. Сөздердің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет. 2. Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет. 3. Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс. Бұл үш белгі – сөздерді синоним деп танудағы басты шарт (Шаймерденова, 2014: 82).

I. *qayu tınl(ı)ğ artuq yalğan igid savlığ çaşut savlığ utun* (119 IIc) / hangi canlı (insan) fazla yalan

söyler, iftira atar, / қандай адам көп өмірік айтса, біреуге жала жапса;

II. [tınılıqlarқа] інче тәп шлок сөзлейү y(a)rl(i)қади ет'өз k(e)ntün болmış ет'өз тетір (447) 448 IIc) / canlılara böyle diye şiir söyleyerek emr etti vücud kendinki olmuş vücuttur / тіршілік иелеріне былай деп өлеңмен айтып бұйырды дене өзіндікі болды;

III. bilimedін uқmadın көрүмчі yultuzçı [ulатı] ters tetrü törüçike bilig ayıtıp (331 Ib) / bilmedin anlamadin falcı yulduzçı yalan (doğru olmayan) vaizciya (bilgi verip) söylep / білмедің түсінбедің балшы-балгер, жұлдызы жалған (дұрыс емес) төрешіге ақыл айтып;

IV. anın sekiz törлүгін тәп тәуір (385 IIc) / onun sekiz çeşidin tedavi der / оның сегіз түрін дауа деп. Мысал ретінде келтірілген көне ұйғыр тіліндегі сөйлемдердегі savlıg, sözleyü, tēyür сөздері әр түрлі болғанымен бір ұғымды білдіріп «айтты, сөйледі, деді» мағыналарын беріп тұр. Қазақ тілінде де айтты, сөйледі, деді сөздері синоним сөздер болып табылады.

I. tişili еркеккі қауысп кіші оғлы yalñuqlar ulatı tuğar b(e)lgürer (328 Ia) / kadın erkek görüşüp bütün insan oğlu insan doğar / әйел еркек кездесіп барлық адам баласы дүниәге келеді;

II. uğrınta edgölүгүн ögrünçölүгүн beg yutuz bolup bayın barıml(i)ğın (313 Ia) / düşüncesi merhametlidir karı koca olarak zenginlik, varlık / ойы мейірімді ерлі – әйел болып байлық, мошшылықта;

III. elke hanқа begke işike erinür öpkileyür qut birmez igidmez (18 IIc) / devlete, hana, beğе, beğin eşine hoşnutsuzluğunu (söyledi) iletti “mutluluk vermez, bizi içermez (besleyemez)” / «бақытты еме алмады, бізді асырай алмайды» деп, үкіметке, ханға, бекке, бектің әйеліне риза еместігін жеткізді. Көне ұйғыр тілінде tişi, yutuz, iş сөздері әйел, ханым, жұбай, жар, қатын мағыналарын беретін синоним сөздер. Қазақ тілінде тиши, йуруз, иш сөздері әйел мағынасында қолданылмайды. тиши, иш атаулары түркі тілдерінің ішіндегі оғыз тілі тобында (түрік, әзірбайжан, түркімен тілдерінде бүгін де иш / эш сөзі әйел, ал, тиши / диши сөзі ұрғашы мағынасында қолданылып жүр.

I. ol tnl(i)ğ örtke kirser örtenmegey suvda ölmegey tağda öñde yërde (115 IIc) / o canlı yangına girse yanmasın, suda ölmesin, küzeyde, doğuda, yerde / ол тіршілік иесі өртке кірсе өртенбесін, суда өлмесін, солтүстікте, шығыста, жерде (Oda, 2015: 144);

II. қадаш күң қуул bir екintike қарışur otlı suvl(i) teg (64 IIc) / akraba, köleler bir-biriyle kavga ederler ateş ve su gibi / туысқандар, құлдар бір-бірімен ұрысады от пен су сияқты. Сөйлемдегі ört, ot сөздері де синоним сөздер. Екеуі де жанып жатқан, қызу беретін, жалындаған от мағыналарын береді. Бұл екі сөз де қазақ тілінде өзгеріссіз, тарихи мағынасында кең қолданылады.

I. inçip yene yërte t(e)ñrite [eñ ağırı] ögütmiş kişi tēp tētir (29 IIc) / böyle yine yerde gökte en saygılı methedilen kişidir / осылайша тағы жерде көкте ең қадірлі мақтаулы адам;

II. et'özi burhanlarn(i)ñ nom edişi tētir antada öñiki yalñuqlar (214 Ia) / vücudu burhanların (buddayı) okumasıdır (ibadet edişidir) (sonra) başka (diğer) insanlar / денесі бұрхандардың (будданы) оқуы (табынуы), демек, басқа адамдар;

III. küçi edremi ertinü uluğ tētir kim қайу ayıg қилнчліг tınılıqlar bo nomuğ (373 IId) / gücü akılı (hayırı) son derece büyüktür kim hangi kötü davranışlı canlılar bu kutsal kitabı / күші, ақылы, (қайырымы) соншалықты үлкен кім қандай жаман қарым-қатынастағы тіршілік иелері бұл қасиетті кітапты. Көне ұйғыр тілінде kişi, yalñuq, tınılıg сөздері кісі, адам ұғымын беретін синоним сөздер. Кісі (kişi) сөзі барлық түркі тілдерінде тарихи мағынасында қолданылатын сөз. Қазақ тілінде де кісі сөзі кең қолданылады, бірақ йалаңуқ (yalñuq), тынлығ (tınılıg) сөздері мүлде қолданыста жоқ.

I. elke hanқа begke işike erinür öpkileyür qut birmez igidmez (18 IIc) / devlete, hana, beğе, beğin eşine hoşnutsuzluğunu (söyledi) iletti “mutluluk vermez, bizi içermez (besleyemez)” / «бақытты еме алмады, бізді асырай алмайды» деп, үкіметке, ханға, бекке, бектің әйеліне риза еместігін жеткізді (Oda, 2015: 118);

II. ögleri teg қаңлары teg bolzun tēp ötrü bo yertinçüdeki uluşın (253 Ia) / oğlanları gibi, babaları gibi olsun der, sonra bu yeryüzündeki (halkın) devletin / ұлдары сияқты, әкелері сияқты болсын дейді, сосын бұл жер жүзіндегі (халықтың) мемлекеттің. Көне түркі тілдерінде ел, мемлекет, үкімет ұғымын беретін el, uluş сөздері қазақ тілінде де тұлғалық және мағыналық жағынан өзгермей сол ұғымда қолданылады.

I. burhanta antağ adınçığ muñadınçığ soğançığ tatıgılıg nom [y(a)rl(i)ğ] eşidip (222 IIc) / burhandan

böylece *harika, hoşgörülü*, tatlı kitap emrini işidip (duyup) / *бұрханнан осылайша керемет, тамаша, мәтмі кітап әмірін есімін*. Көне ұйғыр тілінде керемет, тамаша ұғымдарын беретін адынчығ, муңадынчығ, соғанчығ (*adınçıғ muñadınçıғ soğançıғ*) сөздері қазақ тілінде қолданылмайды.

өлүм улатı ada tuda bolur *ağı barım* саңилур төкүлүр (233 Ia) / өлүм ve diğerleri felaket olur, *zenginlik* саңилур дөкүлүр / *өлім және басқалары жоқшылыққа әкеледі, байлық шашылып төгіледі*.

үкүш t(e)rim bay barıml(i)ğ tınl(ı)ğlar az yoқ 024 Ic / çok tanrım zengin canlılar az / *көп мәңірім бай адамдар аз*.

tükel bilir tavar tilemez tınl(ı)ğlar az үкүш tileyür tükel (3 IId) / her şeyi bilip, âlim olup *mal-mülk* (*zengin olmayı*) istemeyen canlılar az, çok isteyip yetersiz, bilgisi / *bәrine мәлім мал-мүлікті (байлықты) қаламайтындар аз, көп қалайтын білімі жеткілікті*. Біз қарастырып отырған Секиз йүкмек йарук (Säkiz Yükmäk Yaruq) мәтініндегі *байлық* мағынасын беретін ағы барым (*ağı barım*), бай-барымлығ (*bay barıml(i)ğ*), тавар (*tavar*) сөздері синоним сөздер. Қазақ тілінде бұл сөздер сол күйінде қолданылмайды. *бай-барымлығ* сөзі тұлғалық тұрғыдан ықшамдалып, тарылып *бай* деген бірінші сыңары ғана *байлық* мағынасында қолданылады.

ötrü ol tınl(ı)ğ bo *yәrtinçüdeki* taluy ögüz tegzinçine çomar (218 Ia) sonra o canlı bu *dünyadaki* deniz, ırmakta dönerek yüzer / *кейін ол тіршілік иесі бұл дүниедағы теңіз, өзенде айналып жүзеді (шомылады)* (Oda, 2015: 170).

közünür *azunta* ayığ körksüz uduz örmen қарт yiriñ iglig (443 Ia) / bu (yaşadığımız) *dünyada* kötü kaşıntılı şişmiş yaranın irinli ağrısı / *бұл дүниеда (қазіргі) жаман қышыйтын іскен жараның азапты іріңді ауруы* (Oda, 2015: 232).

Антонимдер. Өзара алшак, қарама-қарсы ұғымды білдіретін сөздерді антонимдер дейміз. Көне түркі тілдерінде сын есімдер мен зат есімдерге тән қарама-қарсы мағынадағы сөздер өте көп. Жалпы түркі тілдеріндегі антонимдер түбір және туынды болып екі түрге бөлінеді. Көне ұйғыр тілінде де басқа көне түркі тілдеріндегі сияқты туынды сын есімдер -лы, -лі жұрнақтары арқылы антонимнің болымды сыңарларын, ал, -сыз, -сиз жұрнақтары арқылы болымсыз сыңарларын жасайды.

Сын есім тұлғасындағы антонимдер. I. *tözünler(i)m edgüg anıgağ* yme kәrtgünmiş k(e)rgek kim kin ökünmeser (199 Ia) / soylularım iyi kötü yine gerçek inanç gerek, kim sonra pişman olmaması için / *тектілерім жақсы-жаман қандай болса да шынайы сенім керек, кейіннен өкінбеу үшін*;

II. *törüsi inçip edgü yavlaқ* utlısı ne üçün antağ adruқ erki t(e)rim ötrü t(e)ri t(e)risi (316 IId) / sutrası iyi kötü mükafatı ne için öyle farklı güç tanrım sonra tanrı tanrısı / *қасиетті кітабы жақсы жаман сыйақы болып не үшін басқаша күш мәңірім сосын мәңірілердің мәңірісі*. Көне ұйғыр тілінде *едгү (edgü)* сөзі «жақсы, игі» деген мағыналарды береді. Ал *анығ (anıғ)* және *йавлақ (yavlaқ)* сөздері «жаман» деген мағынаны беріп, жақсы – жаман түрінде сын есім тұлғасындағы антоним ретінде қолданылады. Қазақ тілінде *анығ, йавлақ* сөздері «жаман» ұғымында мүлде қолданылмайды. Дегенмен, қазақ тіліндегі «жақсы» мағынасын беретін *игі* сөзінің бастапқы түрі *едгү* сөзі деп айта аламыз.

çşaptı *sıyуқ* tınl(ı)ğlar үкүш *arıғ* çşaputl(i)ğ tınl(ı)ğlar (019 Ic1) / *bozuk* ahlaklı canlılar çok, *temiz* ahlaklı canlılar / *ниеті бұзылған адамдар көп, ниеті таза адамдар*. *Бұзылған* ұғымын беретін *сыйуқ (sıyуқ)* және *таза* ұғымын беретін *арығ (arıғ)* сөздері де көне ұйғыр тілінің антоним сөздеріне жатады. Бірақ бұл екі сөз де қазақ тілінде қолданыста жоқ сөздер.

үкүш t(e)rim üç erdinike tarıғçı tınl(ı)ğlar az yekke (017 Ic) / çok tanrım üç (kutsal) hazineye tarımanlar (hizmet edenler) az, şeytana / *көп мәңірім үш (қасиетті) қазынаға сиынатындар, табынатындар аз, шайтанға*. Көп мағынасында қолданылған үкүш (*үкүш*) сөзі бүгін қазақ тілінде қолданылмағанымен, аз мағынасын беретін тарихи *аз (az)* сөзі дыбыстық және мағыналық өзгеріске ұшырамай кең қолданылады.

küdenlik ev barқ *uluғ* *kiçig* қарıғ *қудuғ* otçuқ taş soқgu tegirmen (86 Ic) / misafir odası, *büyük* ve *küçük* kapı, kuyu, ocak, taş havan (soku), değirmen, / *қонақ бөлмесі, үлкен және кішкентай есік, құдық, ошақ, тас келі, дүірмен*. Сан ғасырлар бойы барлық түркі тілдерінде «үлкен», «кіші» ұғымын берген тарихи төл сөзіміз көне ұйғыр тілінде де *улуғ (uluғ)* «үлкен» және *кичиг (kiçig)* «кіші» түрінде қолданылған.

bolmaz tınl(ı)ğlar үкүш t(e)rim buşı bәrgeli *aқı* tınl(ı)ğlar az (4 IId) / olmayan canlılar çok tanrım, sadaka veren cömert canlılar az / *еместер көп мәңірім, садақа беретін жомарт адамдар аз; қыз*

kıvrık sarañ tınl(ı)ğlar üküş t(e)ñrim kærtü tınl(ı)ğlar az (5 IIđ) / cimri canlılar çok tanrım, sadıklar (gerçekler) az / sarañ adamdar көп тәңірім, адал (шынышылдар) аз. Бірінші сөйлемдегі *жомарт* ұғымындағы *ақы (ақи)* сөзі мен екінші сөйлемдегі *sarañ* мағынасын беретін *қыз қывырғақ sarañ (kız kıvrık sarañ)* қоссөзі жомарт – сараң түрінде бір-біріне қарама қарсы мағынадағы антоним сөздер. Қазақ тілінде *ақы* және *қыз қывырғақ* сөздері қолданылмайды. Бірақ көне ұйғыр тіліндегі *қыз қывырғақ sarañ* қоссөзінің екінші сыңары *sarañ* сөзі «ешкімге ештеңе бермейтін, сараң» мағыналарында кең қолданылатын тарихи түркі сөздерінің бірі ретінде белгілі.

toprak erkligi yēr t(e)ñri xanı soltun kök luu öñdün aq (94 Ia) / toprak hakimi, yer tanrı hanı, soldan mavi ejderha, sağdan beyaz / топырақ танымы жер тәңірі ханы солдан көк айдаһар оңнан ақ; bars күntün kızıl sağızğan tağdin kra ұлан алт қав *yaraşmazı (95 IIc) / kaplan, güneyden kızıl saksagan, (Çin astrolojisine göre tanrı yıldızlarından birinin adı), küzeyden kara* ұлан, алт қав *tabusu, (astrolojiye göre tanrı yıldızlarından birinin adı) yaraşmazdı (geçinemezdi) / барыс, оңтүстіктен қызыл сусаған (қытай астрологиясы бойынша тәңірі жұлдыздарының бірінің аты) солтүстіктен алты құлаш қара жылан (астрология бойынша тәңірі жұлдыздарының бірінің аты) бір-бірімен келіспейтін, тіл табыса алмайтын.* Бірінші сөйлемдегі *ақ (aq)* пен екінші сөйлемдегі *қара (kra)* сөздері *ақ-қара* түрінде көне ұйғыр тілінде де антоним сөздер. Бұл екі сөз де қазақ тілінде дыбыстық және мағыналық өзгеріске ұшырамай кең қолданылады. Жалпы *ақ (aq)* және *қара (kra)* сөздері барлық түркі тілдерінде белсенді қолданыстағы аса құнды тарихи төл сөздеріміз.

yağ(ı)z yēr k(a)rarıg tētir kün t(e)ñri y(a)ruk tētir ay t(e)ñri k(a)rarıg (319 Ia) / kara yer karanlıktır güneş tanrı aydınlıktır ay tanrı karanlıktır / қара жер қараңғы, күн тәңірі жарық ай тәңірі қараңғы; t(e)ñriler yruqıña арқа бөріп *yene yekniñ içgeknñ k(a)rarıg işiñe (273 Ia) / tanrılar ışıǵına* sırtını *verip (yüz çevirip), yine şeytanın, vampirin karanlık işiñe / тәңірілердің нұрынан теріс айналып, тағы да шайтанның, қанішердің қара ісіне.* Бұл екі сөйлемдегі *қараңғы* – *жарық* ұғымын беретін *қарарығ (k(a)rarıg)* және *йаруқ (y(a)ruk)* сөздері бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы антоним сөздер. Көне ұйғыр тілінде *қарарығ*, *йаруқ* болып айтылатын бұл сөздер қазақ тілінде аздаған дыбыстық өзгеріске ұшырап, мағыналық және тұлғалық жағынан еш өзгеріссіз қолданылады.

t(e)rsli oñlı edgüli anıǵı iki төрлүг (196) Ia / *ters doğru, iyi kötü* iki түрлү / *теріс-оң, жақсы-жаман* *екі түрлі.* *Теріс (t(e)rs)* оң (*oñ*) антонимдері көне ұйғыр тілінде қалай қолданылса қазақ тілінде дәл солай, еш өзгеріссіз қолданылатын тарихи сөздер.

qam(a)ğ tınl(i)ğlı tınsızlı iki төрлүг *ed tuğar b(e)lgürer tınl(i)ğ k(e)ntü (322 Ia) / hepsi canlı cansız* *olarak* *ikiye* *ayrılıyor* *canlı kendisi / барлығы жанды жансыз болып екіге бөлінеді жандының өзіне.* Барлық түркі тілдеріне *тән -лы,-ли* болымды сын есім тудыратын, *-сыз, -сиз* болымсыз сын есім тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған, *жанды-жансыз* ұғымын беретін тынлығлы *tınl(i)ğlı* тынсызлы *tınsızlı* тарихи түркі сөздері қазақ тілінде қолданылмайды.

kararıg tētir bo yērli t(e)ñrili tişili érkekli birgerü qavışıp (321 Ia) / karanlıktır bu yer gök, kadın erkek birbiriyle görüşüp / қараңғы бұл жер-көк, ұрғашы-еркек бір-бірімен қауышып. Бұл сөйлемде *жер-көк* және *ұрғашы-еркек* тұлғасындағы екі антоним сөз бар. Көне ұйғыр тіліндегі мәтіндерде *жер-көк* ұғымын беретін *йер (yēr)* теңри (*t(e)ñri*) антонимі көп қолданылады. Қазақ тілінде бұл антоним сөздің бірінші сыңары *йер* сөзі *жер* түрінде, екінші сыңарындағы *теңри* сөзі құдай мағынасында қолданылады. Сөйлемдегі *ұрғашы*, әйел мағыналарын беретін *тишии* сөзі қазақ тілінде қолданыста жоқ. *Тиши* сөзінің сыңары *еркек* сөзі барлық түркі тілдерінде кең қолданылатын тарихи сөз.

üküş t(e)ñrim bay barıml(i)ğ tınl(ı)ğlar az yoq (024 IIc) / çok tanrım zengin canlılar az / көп тәңірім бай адамдар аз; çığay tınlıǵlar üküş t(e)ñrim tözün 025 IIc / fakir canlılar çok tanrım / кедей адамдар көп тәңірім. Көне ұйғыр тілінде *бай*, *кедей* мағыналарын беретін *бай барымлық (bay barıml(i)ğ)* және *чығай (çığay)* сөздері тарихи түркі сөздерінің қатарына жатады. Қазақ тілінде де *бай* сөзі тарихи мағынасында кең қолданылады. *Чығай* сөзі уақыт ағымында жалқы есімге айналып қазақ ертегілерінің бірі «Шық бермес Шығайбай» ертегісінде сақталған. Бастапқыда *кедей* мағынасын берген *чығай* сөзі дыбыстық және тұлғалық тұрғыдан өзгермегенімен, мағыналық жағынан бастапқы мағынасына қарама-қарсы ұғымға айналып өзгеріске ұшыраған. Өйткені, *Шығайбай* есімін естігенде ойымызға бірден *кедей* адам емес, *бай*, *sarañ* адам келеді.

yumşaq yavaş tınl(ı)ğlar az qadır (026 IIđ) / nazik, yumuşak *canlılar az, kaba, /жұмсақ, сыпайы* *жандар аз, тұрпайы; katğı toozin tınl(ı)ğlar üküş t(e)ñrim köni (1 IIđ) / sert, vahşi* *canlılar çok tanrım;*

gerçek sadık / қатал, жабайы жандар көп тәңірім, шынайы адал. Көне ұйғыр тілінде жұмсақ және қатал ұғымдарын беретін йумшақ *yumşak*, қатғы *katğı* сөздері қазақ тілінде де жұмсақ, қатты (қатал) болып тарихи тұлғасында қызмет етеді.

katğı toozin tınl(ı)ğlar üküş t(e)ñrim köni (1 IIđ) / sert, vahşi canlılar çok tanrım; gerçek sadık / қатал, жабайы жандар көп тәңірім, шынайы адал; tınl(ı)ğlar az [t(e)ñrim] tevlüg kürlüg tınl(ı)ğlar üküş t(e)ñrim (2 IIđ) / canlılar az tanrım, aldaticı canlılar çok tanrım / жандар аз тәңірім, арам жандар көп тәңірім. Бірінші сөйлемдегі көни *köni* сөзі мен екінші сөйлемдегі тевлүг күрлүг *tevlüg kürlüg* қоссөзі адал – арам антонимін береді. Бұл екі сөз де қазақ тілінде қолданыста емес.

kız kıvrıgāk saran tınl(ı)ğlar üküş t(e)ñrim kértü tınl(ı)ğlar az (5 IIđ) / cimri canlılar çok tanrım, gerçek (sadık) insanlar az / сараң адамдар көп тәңірім, шыншыл (адал) адамдар аз; esüg yalğan tınl(ı)ğlar üküş t(e)ñrim anı üçün bo yertinçüteki (6 IIđ) / yalancı canlılar çok tanrım, onun için bu yeryüzündeki / өтірікші адамдар көп тәңірім, сондықтанда мына жержүзіндегі. Көне ұйғыр тілінде шыншыл, адал ұғымында қолданылған кертү (*kértü*) сөзі мен өтірікші, суайт ұғымында қолданылған есүг йалған (*esüg yalğan*) қоссөзі қазақ тілінде қолданыста емес. Бірақ *есүг йалған* қоссөзінің екінші сыңары *йалған* сөзі аздаған дыбыстық өзгеріске ұшырап жалған түрінде жалған, өтірік ұғымдарын беріп, тарихи мағынасында кең қолданылады.

kirmişke sanur turkaru kēñ alqıg köni uluğ yoluğ qodup (274 Ia) / girmeyi düşünür, daima geniş, gerçek, büyük kurbanlıklara varıp / араласуды ойлайды, әрқашан кең, шынайы, үлкен құрбандықтарға барып.

t(e)rs t(e)trü törüke tar yolqa kirmişke sanur ertinü t(e)rs tetrü (275 Ia) / yalan (doğru olmayan) kanuna, dar yola girmeyi düşünür aşırı derecede yalan (doğru olmayan) / жалған (дұрыс емес) заңға, тар жолға түсуді ойлайды, соншалықты жалған (дұрыс емес). Көне ұйғыр тілінде қолданылған *kēñ* (кең), *tar* (тар) сөздері қазақ тілінде еш өзгеріссіз кең қолданылады.

Zam есім тұлғасындағы антонимдер. sekiz yañı kün bolur otlı suvlı bir ikintike küç basut (326 Ia) / sekiz yeni gün olur ateş ve su birbirine destek / сегіз жаңа күн болады от пен су бір-бірін қолдай. От және су сөздерін де антоним сөздер қатарына жатқызамыз. Өйткені отты өшіру үшін су керек, су бар жерде оттың болуы мүмкін емес. Сондықтан да бұлар бір-біріне қарама-қарсы заттар. Көне ұйғыр тілінде от (*ot*) және су (*suv*) түрінде қолданылған бұл сөздер сан ғасырлар бойы еш өзгеріссіз бүкіл түркі тілдерінде қолданылған тарихи ортақ жәдігер сөздеріміз.

inçip oğulı kıızı bağırı boşüki qası qadaşı ölmüş ögi қаңı [özütı] (124 Ia) / böylece oğlu kıızı, dönürü, akrabaları (kardeşi) ölmüş anası, babası, özü / осылайша ұлы қызы, құдалары, туыстары (бауыры) өлген анасы, әкесі, өзі. Бұл сөйлемде екі антоним тұлға бар. Біріншісі – ұл-қыз мағынасындағы оғул (*oğul*) қыз *kız*, екіншісі – шеше-әке мағынасындағы өг (*ög*) қаң (*қаң*) антоним сөздері. Қазақ тілінде *оғул* сөзі ұл түрінде аздаған өзгеріске түсіп, қысқарып қолданылады. Ал *қыз* сөзі барлық түркі тілдеріне (оның ішінде қазақ тілі де бар) еш өзгеріссіз *қыз* түрінде қызмет ететін тарихи белсенді сөз. Көне түркі тілдерінде *ана* мағынасында қолданылған *өг* сөзі қазіргі қазақ тілінде мағыналық өзгеріске ұшырап *өгей* түрінде анасы қайтыс болған кісінің анасының орынына *ана* болған, туған анасы емес әйелге берілген атау. Әке ұғымын беретін *қаң* сөзі қазақ тілінде қолданыста емес.

uğrinta edgölüğün ögrünçülüğün beg yutuz bolup bayın barımlı(ı)ğın (313 Ia) / düşüncesi merhametlidir karı koca olarak zenginlik, varlık / ойы мейірімді ерлі – әйел болып байлық, молшылықта. Көне ұйғыр тіліндегі бег *beg* йутуз *yutuz* антоним сөзі мырза-ханым, ерлі-зайыпты мағыналарын береді. Қазақ тілінде бег йутуз тұлғасында қолданылмайды.

tétir künli aylı q(a)rığsu qavısu yoruyur ötrü yaylı kışlı [ulatı] (324 Ia) / güneş ve ay bir birini takip ediyor sonra yaz kış ve diğerleri / күн мен ай бір-бірін айналады сосын жаз қыс және басқалары. Көне ұйғыр тіліндегі жаз-қыс ұғымын беретін йай *yay* қыш *kış* сөздері қазақ тілінде мағынасы мен тұлғасы өзгеріссіз, тек дыбыстық өзгеріске ұшырап жаз-қыс түрінде қолданылады.

kitmiş bolur kün t(e)ñrili ay t(e)ñrili iki yruq ordular içinteki (272 Ib) / gider, güneş tanrısı ay tanrısı iki parlak saray içindeki / барады, күн тәңірісі ай тәңірісі екі жарық сарай ішіндегі. Бір-біріне қарама-қарсы, біреуі күндіз, біреуі түнде пайда болатын, бір-біріне кездеспейтін екі нәрсенің көне ұйғыр тіліндегі атауы күн *kün* мен ай *ay* қазақ тілінде еш өзгеріссіз сол қалпында күн-ай түрінде қолданылады.

taplasar anta étzün öñtün kedin yirdin birdin yërig (291 Ia) / beğenmiş yerde yapsınlar doğudaki,

batıdaki, güneydeki, kuzeydeki yerін / *жерді ұнатса соны алсын, шығыстағы, батыстағы, оңтүстіктегі, солтүстіктегі жерді*. Көне ұйғыр тіліндегі шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік ұғымдарын беретін *өңтүн (öñtün), кедин (kedin), йердин (yirdin), бирдин (birdin)* сөздері қазақ тілінде қолданыста жоқ.

Етістік тұлғасындағы антонимдер. ötgürü bökünki künke degi tuğa ölü uluğ sapıg üzülmez (015 Пс) / *bundan başka бүгüne kadar doğmak ölmek süreci kesilmemiştir (durmamıştır) (devam etmiştir) / өткеннен бүгінге дейін туу, өлу үдерісі тоқтаған жоқ, әрқашан жалғасын тапты*. Сөйлемде берілген туу-өлу антонимін беретін *туға (tuğa), өлу (ölü)* сөздері барлық түркі тілдерінде тарихи тұлғасында еш өзгеріссіз қолданылатын түркі халықтарының төл сөздері. Қазақ тілінде туу, өлу түрінде қолданылады.

tınl(ı)ğ tünür böşük edgü ögli bolğalı saқınsarlar [aşnuça] y(a)raşurın yaraşmazın (341 Ia) / *canlı dünür merhametli hayırlı olmayı düşünseler önceden yaraşır yaraşmazın / жанды құда мейірімді қайырлы болуды ойласа ең әуелі жарасып жараспайтынын*. Көне ұйғыр тіліндегі жарасады (*y(a)raşur*) жараспайды (*yaraşmaz*) антонимі қазақ тілінде де аз кем дыбыстық өзгеріске ұшырап қолданылады.

Қорытынды

Көне ұйғыр және қазақ тілдерінің лексикалық жүйесін салыстыра зерттеу барысында аталған екі тілдің тарихи дамуында ортақ тамыр мен құрылымдық сабақтастықтың сақталғаны анықталды. Әсіресе, омонимдер, синонимдер және антонимдер саласындағы параллельдер – көне ұйғыр тілі мен қазіргі қазақ тілінің арасында терең лексикалық-этимологиялық байланыс бар екенін дәлелдейді.

Омонимдік қатарлар бойынша, мысалы, «от» сөзі екі тілде де әрі «жанып тұрған жалын», әрі «жасыл желек» мағынасында қолданылғаны байқалады. Бұл сөздің мағыналық екіқабаттылығы оның көне дәуірлерден бері сақталып келе жатқанын білдіреді және түркі тілдеріндегі көпмағыналылық құбылысының ертеден келе жатқандығын көрсетеді.

Синонимдік жүйеде де ұқсастықтар мол. Ескі ұйғыр тіліндегі *sözleyü, tēyür, ayıtıp* етістіктері қазақ тіліндегі «сөйледі», «деді», «айтты» сөздерімен мағыналас. Алайда кейбір лексемаларда мағыналық ауысу немесе шегіну байқалады. Мәселен, көне ұйғыр тіліндегі *ayıt-* етістігі кей контексте «сұрау» мағынасында қолданылса, қазіргі қазақ тілінде бұл етістік тек «айту» мағынасында шектелген. Бұл – тілдердің тарихи даму барысында лексикалық мағынада диахрондық өзгерістер болатынын көрсететін нақты дәлел.

Тарихи синонимдер қатарына жататын, қазіргі қазақ тілінде қолданыстан шығып қалған, алайда көне ұйғыр тілінде кең қолданылған *tışi, yutuz, iş* сияқты сөздердің түрік, әзірбайжан, түрікмен секілді оғыз тобына жататын түркі тілдерінде күні бүгінге дейін сақталуы – бұл лексемалардың түркі әлемінің ортақ тілдік қорына тиесілі екендігін көрсетеді. Бұл жайт түркі тілдеріндегі аймақтық дифференциация мен диалектілік даму жолдарын зерттеу үшін маңызды дерек болып табылады.

Антонимдер жүйесінде де ортақтықтар айқын. Мәселен, *yumşak – katğı, kēñ – tar* антонимдік жұптары көне ұйғыр тілінде де, қазақ тілінде де мағыналық сәйкестікпен қатар, тұлғалық жағынан да өзгеріссіз сақталған. Бұл факт лексикалық антонимдердің де тарихи жағынан тұрақты категория екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, көне ұйғыр және қазақ тілдерінің лексикалық парадигмаларын салыстырмалы-тарихи әдіспен талдау нәтижесінде мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Екі тілдің лексикалық жүйесі ортақ тілдік негізден тараған;
2. Көптеген омоним, синоним және антоним сөздер пішіні мен мағынасы жағынан бір-біріне жақын немесе сәйкес келеді;
3. Жекелеген лексемалар мағыналық жағынан өзгеріске ұшыраса да, олардың түпкі этимологиясы бір арнадан таралғанын көрсетеді;
4. Түркі тілдерінің ішкі тармақтарында (оғыз, қыпшақ және т.б.) сақталған ортақ лексемалар тарихи тілдік байланыстың үзілмегендігін дәлелдейді.

Бұл зерттеу түркі тілдері арасындағы тарихи байланыстарды тереңірек зерделеуге, лексикалық мұраның таралу аймағын айқындауға және қазіргі түркі тілдерінің даму бағытын болжауға теориялық негіз бола алады. Сонымен қатар мұндай салыстырмалы зерттеулер түркі

тілдерінің генетикалық байланысын нақты деректермен дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Абдурахмонов Ғ., Рустамов А. Қадимги Туркий Тил. – Тошкент: Уқитувчи, 1982. – 166 б.
 Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Рауан, 1991. – 136 б.
 Древнетюркский словарь. Д.М. Насилов, И.В. Кормушин, А.В. Дыбо, У.К. Исабекова и др. 2-е изд., пересмотр.
 – Астана: Ғылым, 2016. – 760 с.
 Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII -IX вв.). – Ленинград, 1980. – 254 с.
 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
 Молдабай Т. Көне ұйғыр әліпбиінің жазба ескерткіштерде қолданылу ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Вестник. Том: 3. №4 (2021). – С. 44-51.
 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 258 б.
 Тенишев Э.Р. Уйгурские тексты. – Москва: Наука, 1984. – 172 с.
 Тенишев Э.Р. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 1997. – 506 с.
 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
 Тугушева Л.Ю. Древнеуйгурский язык // Языки мира. Тюркские языки. – Москва: Индрик, 1997. – 63 с.
 Akalın M. Tarihi Türk Şiveleri (Üçüncü Baskı). Ankara, 1998. 276 s.
 Clauson, G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford, 1972. 988 p.
 Erdal, M. Old Turkic Word Formation. A Functional Approach to the Lexicon Vol. I-II, Wiesbaden: Otto Harrassowitz, 1991. 874 p.
 Erdal, M.A Grammar of Old Turkic. Leiden – Boston: Brill, 2004. 575 p.
 Gabain, Annemaria von. Eski Türkçenin Grammeri [Grammar of Old Turkish]. Ankara: Türk Tarih Kurumu, Türk Dil Kurumu, 1988. 313 s.
 Koç, K., Baynıyazov, A., Başkapan, V. Kazak Türkçesi – Türkiye Türkçesi Sözlüğü. Ankara: TDK yayınları, 2021. 637 s.
 Oba, E. Kazakçanın Tarihi Türk Lehçelerine Göre Söz Varlığı. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2020. 604 s.
 Oda, J.A Study of the Buddhist Sūtra called Säkiz Yükmäk Yaruq or Säkiz Törlüğün Yarumış Yaltrımiş in Old Turkic, Berliner Turfantexte XXXIII, Brepols Publishers, Turnhout (Belgium), 2015. 319 p.
 Wilkens, J. Handwörterbuch des Altuigurischen. Göttingen: Universitätsverlag, 2021. 496 s.

References

- Abdurakhmonov, G, Rustamov, A. (1982) Kadimki Turki Til. Tashkent: Ukituvchi. 166 s. [Abdurakhmonov, G, Rustamov, A. (1982) Old Turkic language. Tashkent: Ukituvchi. 166 p.] (in Uzbek)
 Aidarov, G. (1991) Kone Uigyr zhazba eskertkishterining tili. Almaty: Rauan. 136 b. [Aidarov, G. (1991) The language of ancient Uyghur inscriptions. Almaty: Rauan. 136 p.] (in Kazakh)
 Akalın, Mehmet (1998) Tarihi Türk Şiveleri (Üçüncü Baskı). Ankara. 276 s. [Akalın, Mehmet (1998) Historical Turkish Dialects (Third Edition). Ankara. 276 p.] (in Turkish)
 Clauson, Gerard (1972) An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford. 988 p. (in English)
 Drevnetjurkskij slovar` (2016) Nasilov, D.M., Kormushin, I.V., Dybo, A.V., Isabekova, U.K. i dr. 2-e izd., pererab. Astana: Nauka. 760 s. [Ancient Turkic dictionary. Nasilov, D.M., Kormushin, I.V., Dybo, A.V., Issabekova, U.K. and others. 2nd ed., revision. Astana: Gylm. 760 p.] (in Russian)
 Erdal, Marcel (1991) Old Turkic Word Formation. A Functional Approach to the Lexicon Vol. I-II, Wiesbaden: Otto Harrassowitz. P. 9-874. (in English)
 Erdal, Marcel (2004) A Grammar of Old Turkic. Leiden – Boston: Brill. 575 p. (in English)
 Gabain, Annemaria von. (1988) Eski Türkçenin Grammeri. Ankara: Türk Tarih Kurumu, Türk Dil Kurumu. 313 s. [Gabain, Annemaria von. (1988) Grammar of Old Turkish. Ankara: Turkish Historical Society, Turkish Language Society. 313 p.] (in Turkish)
 Koch, K., Bainijazov, A., Bashkapan, V. (2021) Kazak Türkçesi – Türkiye Türkçesi Sözlüğü. Ankara: TDK Yayınları. 637 s. [Koç, K., Baynıyazov, A., Başkapan, V. (2021) Kazakh Turkish – Türkiye Turkish Dictionary. Ankara: TDK Publications. 637 p.] (in Turkish)
 Kononov, A.N. (1980) Grammatika jazyka tjurkskih runicheskikh pamjatnikov (VII-IX vv.). Leningrad. 254 s. [Kononov, A.N. (1980) Grammar of the language of Turkic runic monuments (VII-IX). Leningrad. 254 p.] (in Russian)
 Moldabai, T. (2021) Kone uigyr alipbiining zhazba eskertkishterde qoldanyly erekshelekteri. L.N. Gumil'ov atındaғы Еуразия Ултық Университеті, Vestnik, Tom: 3. No.4, 44-51. [Moldabai, T. (2021) Features of the use of the ancient Uyghur alphabet in written monuments. L. N. Gumilyov Eurasian National University, Vestnik. Volume: 3. No.4(2021). P. 44-51] (in Kazakh)
 Oba, Emin (2020) Kazakçanın Tarihi Türk Lehçelerine Göre Söz Varlığı. IQ Kültür Sanat Yayıncılık, İstanbul. 604 s. [Oba, Emin (2020) Vocabulary of Kazakh Language According to Historical Turkic Dialects. Istanbul: IQ Culture Art Publishing, 2020. 604 p.] (in Turkish)

- Oda, Juten (2015) A Study of the Buddhist Sūtra called Säkiz Yükmäk Yaruq or Säkiz Törlügin Yarumış Yaltrımış in Old Turkic, Berliner Turfantexte XXXIII, Brepols Publishers, Turnhout (Belgium). 319 p. (in English)
- Qaliev, G., Bolganbaev, A. (2006) Qazirgi qazaq tilining leksikologiyası men frazeologiyası. Almaty: Sozdik-Slovar'. 264 b. [Kaliyev, G., Bolganbayev, A. (2006) Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Almaty: Sozdik-Slovar'. 264 p.] (in Kazakh)
- Sagyndyqov, B. (2005) Qazaq tili leksikası damuynyng jetimologijalyq negizderi. Almaty: Qazaq universiteti. 258 b. [Sagyndykov, B. (2005) Etymological foundations of the development of the Kazakh language vocabulary. Almaty: Qazaq universiteti. 258 p.] (in Kazakh)
- Tenishev, Je.R. (1984) Ugurskie teksty. Moskva: Nauka. 172 s. [Tenishev, E.R. (1984) Uyghur texts. Moscow: Nauka. 172 p.] (in Russian)
- Tenishev, Je.R. (1997) Sravnitel'no-istoricheskaja grammatika tjurkskih jazykov. Moskva: Nauka. 506 s. [Tenishev, E.R. (1997) Comparative-historical grammar of the Turkic languages. Moscow: Nauka. 506 p.] (in Russian)
- Tomanov, M. (1988) Qazaq tilining tarihi grammatikasi. Almaty: Mektep. 264 b. [Tomanov, M. (1988) Historical grammar of the Kazakh language. Almaty: Mektep. 264 p.] (in Kazakh)
- Tugusheva, L.Yu. (1997) Drevnij uigurskij jazyk. Jazyki mira. Tjurkskie jazyki. Moskva: Indrik. 63 s. [Tugusheva, L.Yu. (1997) Old Uyghur language. Languages of the world. Turkic languages. Moscow: Indrik. 63 p.] (in Russian)
- Wilkens, J. (2021) Handwörterbuch des Altuigurischen. Göttingen: Universitätsverlag. 496 p. (in German)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Бүркітбаева Ш.Д., Копбосынов Б.К., Шаммаева Н.Ш., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

